

Тарих, өлкетану салалары бойынша тың зерттеулер жасап, білім мен ғылымның дамуына үлес қосқан педагогтардың бірі – «Тарих» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі Бақытжан Ахметбек.

Педагог 500-ден астам Сыр бойының батыры мен билері туралы ғылыми зерттеумен айналысуда. Сондай-ақ, 1930 жылы Сыр бойында болған көтерілістің себептері мен салдарын зерттеуде.

Бақытжан Мұқарамұлы – «Сыр ескерткіштері» кітабы мен 2 библиографиялық көрсеткіш, 140-тан астам ғылыми, публицистикалық еңбектің авторы. Сонымен қатар, «Қазақ көтерілістері» мен «Қазалы» энциклопедиясы, «Сыр бойының сакралды ескерткіштері: Мифтер, Аңыздар, Хикаяттар», «Нағи Ильясов атындағы ауыл және «Абзал және компания ТС» жинақтары авторының бірі. Ғалымның БҒСБК мәліметтер базаларында 4 мақаласы жарияланған.

Педагог ҚР Білім және Ғылым министрлігі Ғылым комитеті, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен жасалынған "Қазақстан тарихы" энциклопедиясының II және III томдарының, "Қасиетті Қазақстан" энциклопедиясы және "Сакральный Казахстан" энциклопедиясы авторларының бірі.

Сонымен қатар, "Менің Отаным Қазақстан" сериясымен "Фолиант" баспасынан шыққан: "Сырдария" (2011), "Қызылорда" (2015), "Отан үшін отқа ұшқан" (2015), "Жаңақорған" (2016), "Қазалы" (2016), "Қармақшы" (2018) кітаптарының жұмыс тобының мүшесі болды.

Бақытжан Мұқарамұлы Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің Ғылыми кеңес мүшесі, Қызылорда облыстық архивтің Ғылыми кеңес мүшесі және ғылыми-сарапшысы, Қызылорда облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми сарапшысы, Қызылорда облыстық діндер істерінің сарапшысы, Қызылорда облыстық "Мирас" аймақтық қоғамдық Кеңесінің мүшесі, Қызылорда облыстық архивтің жас тарихшылар мен архивистер клубының төрағасы қызметтерін атқарып келеді.

Осы кезге дейін "Қазақстан тарихы" веб-порталының Қызылорда облысына жауапты қызметкері, сарапшысы (2012-2016), "Қазақстан тарихы" веб-порталының электрондық журналы "edu.e-history.kz" сарапшысы (2012-2016), G-Global платформасының жауапты қызметкері (2014-2015), Қызылорда қаласының ономастикалық комиссия мүшесі (2016-2017) қызметтерін атқарып еліміздің рухани дүниесіне өзіндік үлесін қосты.

Сондай-ақ, ҚР саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі Қызылорда облысының өңірлік комиссия мүшесі, секция жетекшісі қызметін атқарды (2021-2022).

Бақытжан Мұқарамұлы 2007-2018 жылдары университеттің «Қорқыттану» ғылыми-зерттеу институтында ғылыми маман, ғылыми қызметкер қызметінде болып, "Тарих" кафедрасында (2020) аға оқытушы және "Сыр өңірі

тарихына қызығушылар клубы" үйірмесінің жетекшісі болып қызмет атқарып келеді.

Бақытжан Мұқарамұлы ҚР Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі атағын иеленіп, медалімен марапатталған. ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Қазалы ауданының мерейтойлық медалімен, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 70, 75, 80 жылдық мерейтойлық медаль, төсбелгісімен марапатталды. Сондай-ақ, Қызылорда облысы әкімі Н.М.Нәлібаев, Қызылорда қаласының әкімі А.Ө.Шәменов, Шиелі ауданының әкімі Қ.Сәрсенбаев, ҚР Білім және Ғылым министрлігі Ғылым комитеті "Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты РМҚК директоры т.ғ.д., профессор Х.М.Әбжанов, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және т.б. Алғыс хатымен марапатталды.